

"Аудиторлық қызметті жүзеге асыруға лицензия беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2020 жылғы 30 наурыздағы № 336 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 14 қарашадағы № 703 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 18 қарашада № 37435 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз.

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Аудиторлық қызметті жүзеге асыруға лицензия беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы

Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2020 жылғы 30 наурыздағы № 336 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20212 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

бұйрықтың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

""Аудиторлық қызметті жүзеге асыруға лицензия беру" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларын бекіту туралы";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қағидалардың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

""Аудиторлық қызметті жүзеге асыруға лицензия беру" мемлекеттік қызметін көрсету қағидалары";

2 және 3-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"2. "Аудиторлық қызметті жүзеге асыруға лицензия беру" мемлекеттік қызметін Қазақстан Республикасы Қаржы министрілігінің Ішкі мемлекеттік аудит комитеті (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) www.egov.kz, www.elicense.kz, "электрондық үкімет" веб-порталы" (бұдан әрі – портал) арқылы көрсетеді.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің мынадай кіші түрлерін қамтиды: аудиторлық қызметті жүзеге асыруға лицензия беру, аудиторлық қызметті жүзеге асыруға лицензияны қайта ресімдеу және аудиторлық қызметті жүзеге асыруға лицензияның қолданылуын тоқтату.

3. Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес жазылған.";

2-тарау мынадай редакцияда жазылсын:

"2-тарау. "Аудиторлық қызметті жүзеге асыруға лицензия беру" мемлекеттік қызметін көрсету тәртібі

6. Көрсетілетін қызметті алушылар лицензия алу, қайта рәсімдеу және лицензияның қолданылуын тоқтату үшін осы Қағидаларға 1-қосымшаның

8-тармағында көрсетілген құжаттарды ұсынады.

6-1. Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес сұрау салуды қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын толық ұсынбаған кезде көрсетілетін қызметті беруші құжаттарды алған сәттен бастап екі жұмыс күні ішінде өтінішті қабылдаудан уәжді түрде бас тартады.

7. Көрсетілетін қызметті беруші Заңның 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне деректерді енгізуді қамтамасыз етеді.

Мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін айқындайтын уәкілетті орган мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін, сондай-ақ заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерге енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым операторына, оның ішінде Заңның 10-бабының 13) тармақшасына сәйкес Бірыңғай байланыс орталығына жібереді.

8. Мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті мәліметтерді қамтитын ақпараттық жүйе істен шыққан жағдайда көрсетілетін қызметті беруші авторизациялау сәтінен бастап қатенің нақты уақытын көрсете отырып, қате туындаған сәтке дейін қадамдық скриншоттар қоса ұсынылған мемлекеттік қызметтің атауы, өтініштің әкімшілік құжатының нөмірі мен коды (ӘҚНҚ), немесе өтініштің бірегей сәйкестендіру нөмірі (ӨБСН), әкімшілік құжаттың нөмірі мен коды (ӘҚНҚ), немесе рұқсат беру құжатының бірегей сәйкестендіру нөмірі (РБҚБСН), жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН) немесе көрсетілетін қызметті алушының бизнес-сәйкестендіру нөмірі (БСН) бойынша ақпаратты міндетті ұсына отырып, 1 (бір) жұмыс күні ішінде sd@nitec.kz электрондық поштасы арқылы бірыңғай қолдау қызметіне сұрау салу жолымен "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторын (оператор) хабардар етеді.

Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден "электрондық үкімет" шлюзі арқылы алады.

9. Сұрау салуды өңдеуді, оның ішінде тіркеуді көрсетілетін қызметті беруші "Е-лицензиялау" ақпараттық жүйеге сұрау салу келіп түскен кезден бастап жүзеге асырады.

Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің құрамына кіретін рәсімдер (іс-қимылдар) мазмұны:

лицензия беру кезінде:

1) көрсетілетін қызметті беруші түскен күннен бастап ұсынылған құжаттардың толықтығын және олардың мазмұнын осы Қағидаларға 1-қосымшаның 8-тармағына сәйкес бір жұмыс күні ішінде тексереді;

2) аудиторлық қызмет саласындағы басқарма басшысымен, көрсетілетін қызметті берушінің заң қызметі басқармасы басшысымен қорытынды жобасын, лицензия беру туралы бұйрық жобасын келісу, сондай-ақ оларды көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының бекітуі, бұйрықты тіркеу немесе бас тарту туралы дәлелді жауапты және лицензия немесе мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты үш жұмыс күні ішінде дайындайды;

лицензияны қайта рәсімдеу кезінде:

1) көрсетілетін қызметті беруші түскен күннен бастап ұсынылған құжаттардың толықтығын және олардың мазмұнын осы Қағидаларға 1-қосымшаның 8-тармағына сәйкес бір жұмыс күні ішінде тексереді;

2) аудиторлық қызмет саласындағы басқарма басшысымен, көрсетілетін қызметті берушінің заң қызметі басқармасының басшысымен қорытынды жобасын, лицензияны қайта ресімдеу туралы бұйрық жобасын келісуі, сондай-ақ оларды көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының бекітуі, бұйрықты тіркеу немесе бас тарту туралы дәлелді жауапты немесе мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты үш жұмыс күні ішінде дайындайды;

лицензияның қолданылуын тоқтату кезінде:

1) көрсетілетін қызметті беруші берілген құжаттардың толықтығын осы Қағидаларға 1-қосымшаның 8-тармағына сәйкес екі жұмыс күні ішінде тексереді;

2) ұсынылған құжаттардың мазмұнын қарауы, дайындауы аудиторлық қызмет саласындағы басқарма басшысымен, көрсетілетін қызметті берушінің заң қызметі басқармасы басшысымен қорытынды жобасын, лицензия беру туралы бұйрық жобасын келісу, сондай-ақ оларды көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының бекітуі, бұйрықты тіркеу немесе бас тарту туралы дәлелді жауапты және лицензия немесе мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты көрсетілетін қызметті беруші сегіз жұмыс күні ішінде дайындайды.

9-1. Осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінің 9-тармағында көзделген негіздер болған кезде көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға алдын ала шешім бойынша позициясын білдіру мүмкіндігі үшін мемлекеттік қызметті көрсетуден бас

тарту туралы алдын ала шешім, сондай-ақ тыңдауды өткізу уақыты, орны және тәсілі туралы хабарлайды.

Тыңдау туралы хабарлама мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын жіберіледі. Тыңдау хабардар етілген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Тыңдау нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті алушыға көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында оң нәтиже не мемлекеттік қызметті көрсетуден дәлелді бас тарту жолданады.";

көрсетілген Қағидаларға 1, 2, 3 және 4-қосымшалар осы бұйрыққа 1, 2, 3 және 4-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес 5-қосымшамен толықтырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бухгалтерлік есеп, аудит және бағалау әдіснамасы департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметті Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрі

М. Такиев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Жасанды интеллект және
цифрлық даму министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Бас прокуратурасының
Құқықтық статистика және арнайы
есепке алу жөніндегі комитеті

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі

2025 жылғы 14 қарашадағы
 № 703
 бұйрығына 1-қосымша
 "Аудиторлық қызметті
 жүзеге асыруға лицензия беру"
 мемлекеттік қызметін
 көрсету қағидаларына
 1-қосымша

"Аудиторлық қызметті жүзеге асыруға лицензия беру" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі (бұдан әрі – негізгі талаптар тізбесі)

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы: "Аудиторлық қызметті жүзеге асыруға лицензия беру" Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрлерінің атауы: 1. Аудиторлық қызметті жүзеге асыруға лицензия беру; 2. Аудиторлық қызметті жүзеге асыруға лицензияны қайта ресімдеу; 3. Аудиторлық қызметті жүзеге асыруға лицензияның қолданылуын тоқтату.		
1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Ішкі мемлекеттік аудит комитеті (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші)
2	Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері	Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметтің нәтижелерін алу: "Электрондық үкіметтің" веб-порталдары (бұдан әрі – портал) www.egov.kz , www.elicense.kz арқылы жүзеге асырылады.
3	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	лицензия беру – 4 (төрт) жұмыс күні; лицензияны қайта ресімдеу – 4 (төрт) жұмыс күні; лицензияның қолданылуын тоқтату – 10 (он) жұмыс күні.
4	Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны	Электрондық (ішінара автоматтандырылған)
5	Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі	Аудиторлық қызметті жүзеге асыруға лицензия беру, қайта ресімдеу және лицензияның қолданылуын тоқтату немесе осы негізгі талаптар тізбесінің 9-тармағында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап беру. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін ұсыну нысаны – электрондық.
		Мемлекеттік қызмет заңды тұлғаларға ақылы негізде көрсетіледі. "Салық және бюджетке төленетін басқа да

6	Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлемақы мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда төлемақы алу тәсілдері	міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Қазақстан Республикасы Кодексінің 554-бабына сәйкес жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алым төленеді: 1) аудиторлық қызметпен айналысу құқығына лицензия беру кезіндегі лицензиялық алым – 10 айлық есептік көрсеткішті құрайды; 2) лицензияны қайта ресімдеу үшін лицензиялық алым – лицензия беру кезіндегі мөлшерлеменің 10 %-ын құрайды; 3) лицензияны тоқтатқаны үшін лицензиялық алым алынбайды.
7	Жұмыс кестесі	1) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13.00-ден бастап 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 08.30-ден бастап 18.00-ға дейін. Мемлекеттік қызмет көрсету мекенжайлары Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің интернет-ресурсында "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімінде орналастырылған. 2) портал – тәулік бойы, жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда (көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады); 3) Бірыңғай байланыс орталығы – күн сайын

		сағат 9.00-ден бастап 21.00-ге дейін.
8	Мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтер тізбесі	1) лицензия алу үшін: осы Қағидаларға 2-қосымшада көзделген, Көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанындағы лицензияны алу үшін заңды тұлғаның өтініші; "Электрондық үкіметтің" төлем шлюзі (бұдан әрі – ЭҮТШ) арқылы төленген жағдайларды қоспағанда, аудиторлық қызметпен айналысу құқығына лицензиялық алымның бюджетке төленгенін растайтын құжат. Аудиторлық қызметпен айналысу құқығына бюджетке лицензиялық алымның төленгені туралы деректерді автоматты режимде алу мүмкіндігі болған жағдайда, осы құжатты ұсыну талап етілмейді; осы Қағидаларға 3-қосымшада көзделген өтініш беруші туралы мәліметтер; басшының және аудиторлардың біліктілік куәліктерін беру туралы мәліметтер нысаны. Шетелдік ұйым (шетелдік ұйымдар) Қазақстан Республикасының резиденті-аудиторлық ұйымды құрған кезде, жоғарыда аталған құжаттардан басқа, шетелдік аудиторлық ұйым өзінің мәртебесін растау үшін: елдің кәсіби аудиторлық ұйымы беретін аудиторлық ұйымның мәртебесін растау туралы аудармасымен нотариалдық куәландырылған хаттың электрондық көшірмесі және шетелдік аудиторлық ұйымның мәртебесін растайтын Халықаралық бухгалтерлер федерациясындағы кәсіби аудиторлық ұйымның мүшелігі туралы құжаттың электрондық көшірмесі немесе өзі резиденті болып табылатын мемлекеттің құзыретті органы беретін аудиторлық ұйымның мәртебесін растау туралы аудармасымен нотариалдық куәландырылған

		хаттың электрондық көшірмесі не нотариалдық куәландырылған лицензияның көшірмесі; 2) лицензияны қайта ресімдеу үшін: осы Қағидаларға 4-қосымшада көзделген, Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы қайта ресімдеу үшін заңды тұлғаның өтініші. ЭҮТШ арқылы төлеу жағдайларын қоспағанда, бюджетке аудиторлық қызметпен айналысуға құқық беретін лицензиялық алым төленгенін растайтын құжат. Аудиторлық қызметпен айналысу құқығына лицензиялық алымды бюджетке төлеу туралы деректерді автоматты режимде алу мүмкін болмаған жағдайда осы құжатты ұсыну талап етілмейді; қайта ресімдеу үшін негіздеме растайтын құжат (құрылтайшылар шешімі; 3) лицензияның қолданылуын тоқтату үшін: осы Қағидаларға 5-қосымшада көзделген, Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанында лицензияны тоқтату үшін заңды тұлғаның өтініші; лицензияның қолданылуын тоқтату үшін негіздемені растайтын құжат (болған жағдайда). Көрсетілетін қызметті беруші төлемді растайтын құжатты тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден "электрондық үкімет" шлюзі арқылы алады.
		Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер: 1) Қазақстан Республикасының заңдарында заңды тұлғалардың осы санаты үшін қызмет түрімен айналысуға тыйым салынған; 2) лицензиялық алым енгізілмеген ; 3) көрсетілетін қызметті алушы біліктілік талаптарына сәйкес келмеген;

9	Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер	4) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты лицензиялауға жататын қызметті тоқтата тұру немесе оларға тыйым салу туралы заңды күшіне енген сот шешімі (үкімі) болған; 5) сот орындаушысының ұсынуы негізінде сот көрсетілетін қызметті алушы-борышкерге лицензия беруге уақытша тыйым салған; 6) көрсетілетін қызметті алушы лицензия алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) анық еместігі анықталғанда мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер болып табылады.
10	Мемлекеттік қызметін көрсету ерекшеліктерін ескере отырып, оның ішінде электрондық нысанда көрсетілетін өзге де талаптар	Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ болған жағдайда портал арқылы электрондық нысанда мемлекеттік қызметті алу мүмкіндігі бар. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты порталдың "жеке кабинет", көрсетілетін қызметті берушінің анықтамалық қызметтері, сондай-ақ "1414", 8-800-080-7777 Бірыңғай байланыс орталығы арқылы қашықтан қол жеткізу режимінде алу мүмкіндігі бар. Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің www.gov.kz интернет-ресурсында "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімінде орналастырылған.

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі
2025 жылғы 14 қарашадағы
№ 703
бұйрығына 2-қосымша
"Аудиторлық қызметті жүзеге
асыруға лицензия беру"
мемлекеттік қызметін көрсету
қағидаларына
2-қосымша

Лицензия алу үшін заңды тұлғаның өтініші

(лицензиардың толық атауы)

(заңды тұлғаның (соның ішінде шетелдік заңды тұлғаның) толық атауы, мекенжайы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі, заңды тұлғаның бизнес-сәйкестендіру нөмірі болмаған жағдайда - шетелдік заңды тұлға филиалының немесе өкілдігінің бизнес-сәйкестендіру нөмірі)

(қызмет түрінің толық атауын көрсету)
жүзеге асыруға лицензия беруіңізді сұраймын.
Заңды тұлғаның мекенжайы

((шетелдік заңды тұлға үшін) пошталық индексі, елі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы, үй/ғимарат (стационарлық үй-жай) нөмірі)
Электрондық пошта

Телефоны

Факс

Қызметті немесе іс-қимылды (операцияларды) жүзеге асыру объектісінің мекенжайы)

(пошталық индексі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы, үй/ғимарат (стационарлық үй-жай) нөмірі)

_____ парақта қоса беріліп отыр.

Осымен:

көрсетілген барлық деректердің ресми байланыстар болып табылатындығы және оларға лицензияны беру немесе беруден бас тарту мәселелері бойынша кез келген ақпаратты

жолдауға болатындығы;

өтініш берушіге қызметтің лицензияланатын түрімен айналысуға сот тыйым салмағаны;

қоса берілген барлық құжат шындыққа сәйкес келетіні және жарамдылығы;

өтініш беруші лицензияны беру кезінде ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпияны құрайтын қолжетімділігі шектеулі дербес деректерді пайдалануға келісімін бергені;

өтініш беруші ұсынылған (толтырылған) ақпараттың дұрыстығы үшін Қазақстан

Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болатыны;
өтініш беруші Мемлекеттік корпорация қызметкерінің (Мемлекеттік корпорация арқылы жүгінген жағдайда) өтінішті электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландыруға келіскені расталады.

Басшы

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда))

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі
2025 жылғы 14 қарашадағы
№ 703
бұйрығына 3-қосымша
"Аудиторлық қызметті жүзеге
асыруға лицензия беру"
мемлекеттік қызметін көрсету
қағидаларына
3-қосымша
Нысан

Өтініш беруші туралы мәліметтер

Кәсіпорынның мөлшерлігі:	шағын	x
	орта	x
	ірі	x
Қызметті растау	Қызмет түрлері "Аудиторлық қызмет туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 3-бабының 2 және 3-тармақтарына сәйкес келетінін растаймын	x

(тиісті жолаққа x белгісі қойылады)

Басшының мәліметтерінің нысаны

Аудитор ретіндегі аудиторлық ұйымдардағы басшының қызметі туралы мәліметтер

Басшының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) _____

Басшының жеке сәйкестендіру нөмірі _____

№	Жұмыс орны	Лауазымы	Жұмысқа қатысу туралы бұйрықтың нөмірі	Жұмысқа қатысу туралы бұйрықтың күні	Алдыңғы жұмыс орнының ұйымның атауы	Алдыңғы жұмыстан босату туралы бұйрықтың нөмірі	Алдыңғы жұмыстан босату туралы бұйрықтың күні
1	2	3	4	5	6	7	8

"Аудитор" біліктілік куәлігі туралы басшының мәліметтері

№	Куәліктің берілген күні	Куәлік нөмірі	"Аудитор" біліктілігін берген ұйымның атауы
1	2	3	4

Аудиторлардың мәліметтер нысаны

Аудитор ретінде аудиторлық ұйымдардағы аудитордың қызметі туралы мәліметтер

№	Жеке сәйкестендіру нөмірі	Аудитордың тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)	Жұмыс орны	Лауазымы	Жұмысқа қабылдау туралы бұйрықтың нөмірі	Жұмысқа қабылдау туралы бұйрықтың күні	Алдыңғы жұмыс орнынан ұйымның атауы	Алдыңғы жұмыста н босату туралы бұйрықтың нөмірі	Алдыңғы жұмыста н босату туралы бұйрықтың күні
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

"Аудитор" біліктілік куәліктері туралы аудиторлардың мәліметтері

№	Куәліктің берілген күні	Куәліктің нөмірі	"Аудитор" біліктілігін берген ұйымның атауы
1	2	3	4

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі
2025 жылғы 14 қарашадағы
№ 703
бұйрығына 4-қосымша
"Аудиторлық қызметті
жүзеге асыруға лицензия беру"
мемлекеттік қызметін көрсету
қағидаларына
4-қосымша
Нысан

Лицензияны қайта ресімдеуге арналған заңды тұлғаның өтініші

(лицензиардың толық атауы)

(заңды тұлғаның (соның ішінде шетелдік заңды тұлғаның) толық атауы, мекенжайы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі (БСН), заңды тұлғаның БСН болмаған жағдайда - шетелдік заңды тұлға филиалының немесе өкілдігінің БСН)

20__ жылғы " __ " _____ берілген № _____

лицензияны жүзеге асыруға қайта ресімдеуді сұраймын

(лицензияның нөмірі (- лері), берілген күні, лицензияны берген лицензиардың атауы)

(керегінің астын сызу)

(қызмет түрінің толық атауы) мынадай негіз(-дер) бойынша (тиісті жолға X қою

қажет):

1) заңды тұлға-лицензиатты "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 34-бабында айқындалған тәртіпке сәйкес (тиісті жолға х қою қажет):

бірігу _____

қайта құру _____

қосылу _____

жеке шығу _____

бөліну _____

2) заңды тұлға-лицензиат атауының өзгеруі

3) заңды тұлға-лицензиаттың орналасқан жерінің өзгеруі

4) егер лицензияның иеліктен шығарылатындығы "Рұқсаттар және хабарламалар туралы"

Қазақстан Республикасының Заңына 1-қосымшада көзделген жағдайларда, лицензиат үшінші

тұлғалардың пайдасына объектімен бірге "объектілерге берілетін рұқсаттар" класы бойынша

берілген лицензияны иеліктен шығаруы

5) "объектілерге берілетін рұқсаттар" класы бойынша берілген лицензия үшін немесе,

лицензияға қосымшалар үшін объектілерді көрсете отырып, объект нақты көшірілмей оның

орналасқан жерінің мекенжайы өзгеруі _____

6) Қазақстан Республикасының заңдарында қайта рәсімдеу туралы талап болған жағдайларда _____

7) қызмет түрінің атауы өзгеруі

Заңды тұлғаның мекенжайы

(шетелдік заңды тұлға үшін - елі, пошталық индексі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы, үй/ғимарат (стационарлық үй-жай) нөмірі)

Электрондық пошта

Телефоны

Факс _____

Қызметті немесе іс-қимылды (операцияларды) жүзеге асыру объектісінің мекенжайы

(пошталық индексі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы, үй/ғимарат (стационарлық үй-жай) нөмірі)

_____ парақта қоса беріліп отыр.

Осымен:

көрсетілген барлық деректердің ресми байланыстар болып табылатындығы және оларға лицензияны беру немесе беруден бас тарту мәселелері бойынша кез келген ақпаратты жолдауға болатындығы;

өтініш берушіге қызметтің лицензияланатын түрімен айналысуға сот тыйым салмағаны;

қоса берілген барлық құжат шындыққа сәйкес келетіні және жарамдылығы;

өтініш беруші лицензияны беру кезінде ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпияны құрайтын қолжетімділігі шектеулі дербес деректерді пайдалануға келісімін бергені;

өтініш беруші ұсынылған (толтырылған) ақпараттың дұрыстығы үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болатыны;

өтініш беруші мемлекеттік корпорация қызметкерінің (Мемлекеттік корпорация арқылы жүгінген жағдайда) өтінішті электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландыруға келіскені расталады.

Басшы

_____ (қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда))

Толтырылған күні: 20__ жылғы " __ " _____

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі
2025 жылғы 14 қарашадағы
№ 703
бұйрығына 5-қосымша
"Аудиторлық қызметті
жүзеге асыруға лицензия беру"
мемлекеттік қызметін көрсету
қағидаларына
5-қосымша
Нысан

Лицензияның қолданылуын тоқтатуға арналған заңды тұлғаның өтініші

_____ (лицензиардың толық атауы)

(заңды тұлғаның (соның ішінде шетелдік заңды тұлғаның) толық атауы, мекенжайы, бизнес сәйкестендіру нөмірі (БСН), заңды тұлғаның БСН болмаған жағдайда - шетелдік заңды тұлға филиалының немесе өкілдігінің БСН)

(қызмет түрінің толық атауы) мынадай негіз(-дер) бойынша (тиісті ұяшыққа X қою қажет):

20 ____ жылғы " ____ " _____ № _____ берілген

(лицензияның нөмірі (- лері), берілген күні, лицензияны берген лицензиардың атауы) лицензияның қолданылуын тоқтатуды сұраймын
(керегінің астын сызу)

1) лицензияны ерікті түрде қайтару;

2) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де жағдайларда.

Заңды тұлғаның мекенжайы

(шетелдік заңды тұлға үшін - елі, пошталық индексі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы, үй/ғимарат (стационарлық үй-жай) нөмірі)

Электрондық пошта

Телефоны _____

Факс _____

Қызметті немесе іс-қимылды (операцияларды) жүзеге асыру объектісінің мекенжайы

(пошталық индексі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы, үй/ғимарат(стационарлық үй-жай) нөмірі)

_____ парақта қоса беріліп отыр.

Осымен:

көрсетілген барлық деректердің ресми байланыстар болып табылатындығы және оларға лицензияны беру немесе беруден бас тарту мәселелері бойынша кез келген ақпаратты

жолдауға болатындығы;

өтініш берушіге қызметтің лицензияланатын түрімен айналысуға сот тыйым салмағаны;

қоса берілген барлық құжат шындыққа сәйкес келетіні және жарамдылығы;

өтініш беруші лицензияны беру кезінде ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпияны құрайтын қолжетімділігі шектеулі дербес деректерді пайдалануға келісімін бергені;

өтініш беруші ұсынылған (толтырылған) ақпараттың дұрыстығы үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болатыны;

өтініш беруші мемлекеттік корпорация қызметкерінің (Мемлекеттік корпорация арқылы жүгінген жағдайда) өтінішті электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландыруға келіскені расталады.

Басшы

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)

Толтырылған күні: 20__ жылғы " __ " _____